

**ШҚО МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА
БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ**

**«Шұғылалы Шығыс өңірі»
(өлкетану бойынша әдістемелік құрал)**

Өскемен қ.

Кіріспе

«Қазір біз ХХІ ғасырда өмір сүріп отырмыз. Болашақта өркениетті ел қатарына қосылатын көш бастайтын ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, Отан сүйгіш, өз елін, туған жерін сүйетін ұлтжанды, патриоттық интернационалдық сезімдерге бай, жан-жақты білімді, дені сау ұрпақ тәрбиелеуде еш уақытта естен шығармауымыз керек», — дейді Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Тарихи өлкетану ХVІІІ ғасырдан бастап жеке ғылым ретінде қалыптасқан. Орыс патшасы І Петр 1713 жылы қаулы шығарып, қандай да болмасын тарихи құндылығы бар заттарды мемлекетке тапсыру керек деп шешкен. Сонымен қатар олардың қай жерде, қандай жағдайда табылғандығын жазып алу міндеттелген. Өлкетану – археология, ономастика, мұрағаттану сияқты тарих ғылымының салаларымен тығыз байланысты.

Ауыл – қазақ ұлтының алтын бесігі, тарихының діңгегі. Ауыл – ұлт ұясы дегенге саяды, ал Өлкетану - Отан тарихының құрамдас бөлімі ретінде белгілі бір аймақты жан-жақты зерттеу және білімдерді жинақтау ісі. Өлкетану туған елмен жердің тарихын зерттеуден басталады. Мұндай зерттеуге туған өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихи және мәдени дамуы, сондай-ақ, оның табиғи сипаты нысан болады. Өлкетануды бейнелі түрде - кіші Отанды зерттеу пәні деуге болады.

«Кенді Алтайды Қазақстанның көкірегіне тағылған алқа деп тегін атамаған. Оның өркендеу шыңы әлі алда деп ойлаймын. Мен еліміздің жер қойнауында кездесетін байлықтың сан түрі жерінде тұнған Шығыс Қазақстан облысы сияқты «асыл тәждің» Қазақстанда болуын мақтан етемін».

*Н.Ә.Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті*

Әдетте, Шығыс Қазақстан - Жоғары Ертіс өңірі дегенде, көз алдымызға ең алдымен, беткейлердегі қарақорым орманымен, одан әрі қарлы мұзарттары мен мұнарлана көз тартқан, самала шындары жан-жақтан еңселене бой көтерген, заңғарлығы бір-бірінен асып түсетін ғажайып таулы өлке елестейді. Асқарлары көк аспанмен таласқан ертегідей бұл өңір кімді болса да әсемдігімен, мөлдірлігімен сөзбен айтып жеткізе алмастай әсер қалдырады, өзіне ғана тән қайталанбас сұлулық әлемімен рахатты нұрлы сезімге бөлейді.

Шығыс Қазақстан - алып тау бұйраттарының; көгілдір өзендер мен көлдердің о шеті мен бұл шетіне тек ұшқыр Тұлпар ғана жете алатын шетсіз де шексіз гүлденген дала.

Әсем тау алқаптарынан құлдиға қарай сыңғырлай аққан тұнық та таза бұлақтар мен өзендер бастау алады. Маңайды сәнге бөлеген қылқанды, жапырақты ормандар, жидек бұталары, сан алуан өсімдіктер, қарағай, тобылғылар тынысы кәусар ауаға қосылып, адамның бойын сергітерлік жұпар иіс шашады.

Қымбатты оқырман! Сен де оны көр, қызықта, серуенде! Өйткені бұл сенің алыстан үмітті арманыңдай аңсап, күшті магниттей өзіне тартқан ертегі елің оңтүстік-батыс Алтай - Қазақстан Алтайы! Мәңгі қар мен мұз құрсаңған зеңгір таулар шындарының ең кербезі, ең сұлуы, ең биігі, ең тәкаппары, теңіз деңгейінен 4506 метр биіктікте асқақтаған қос өркешті, ақ сәлделі Мұзтау да осында.

Өр Алтайдың мұзартынан жаралып, төсінен нәр алған төл перзенті - Ертіс. Оның ұлы мұхитқа жетіп құяр сапары да осы таулы өлкеден басталады. Кербез де сылқым, салмақты да сабырлы, жойқын күш иесі осы дарияның арнасын тасқынды толқындарымен толтыруға асыққан Бұқтырма, Тұрғысын, Калжыр, Күршім, Нарын, Үлбі, Уба, Шульба, Қызылсу, Ұлан, Сібе, Мұқыр, Шаған сияқты жүздеген үлкенді-кішілі тау өзендері де бұл өңірді

аймалап өтеді. Олар өздерін жарық дүниеге әкеліп, алыс сапарға баласын шығарып салып тұрған мейірімді аналарындай елжірей қалған кеуделі шындар мен орманды алқапқа қимас көзбен қарайды. Жоғарыдан сарқырай аққан өзендер осы өңірден ұзатылып бара жатқан арудың ата-анасымен, ел-жұртымен қоштасқанындай терең тебіреніспен, нәзік сезімді үнмен баяу сыңсиды. Бір сәт тынышталып, табиғат күйін тыңдаңызшы, ол ақын болып жырлайды, бұлбұл болып сайрайды, күйшілердей күй төгеді бір нәзік. Сен одан сұлулықтың тамаша тәкаппарлығын өз перзентінің туған өңір, өскен өлкеге, ата-анаға деген шексіз махаббатының күдіретін сезінесің, одан бойыңа қуат аласың да, өмірге деген күштарлығың одан сайын арта түседі.

Егер сен табиғат ғаламатының сырлы үніне құлақ түрген әуесқой болсаң, онда алыстан қызықтырып, өзіне шақырған ақбас шынды көгілдір тауларға - менің сүйетін Алтайыма саятта, кеудесін түйе шудалы бұйра бұлттар легі көмкерген заңғар таулардың басына шық, сол биіктерден айналаңа бір сәт көз жүгірт, арманды өлке - Алтаймен осылайша дидарлас.

ТАРБАҒАТАЙ – ТӘҢІР ТАУ

Басына бұлт қондырған, бауырына жұрт қондырған Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай тауы әлі терең зерттеуді қажет етеді. Бағзыда Барқытбел деп аталған тау,



кейіннен қалмақ тілінде «суырлы тау» деген мағынаға ие Тарбағатай болып аталды. Шығысында түркінің алтын бесігі Алтай тауымен ұштасатын тау әлі күнге бар құпиясын ішіне бүгіп жатыр. Тарихтың қатпарына көз жіберсеңіз қазақ-жоңғар

шайқастарының көп бөлігі осы өңірде өткеніне жергілікті жер-су аттары дәлел. Қазақ әскерінің орасан зор жеңіске жетуіне орай өткізілген тойда сойылған жылқының қисапсыздығы сонша, шатқалдан май өзендей болып ағыпты деседі. Сол шат «Майлышат» деп аталады. Қабанбай батырдың астындағы Кубас аттың жерленген жері «Кубас кезеңі» деген атқа ие. «Құлбабас», «Кондюрин», «Шайтан шатқал», «Толағай» сынды жер аттарының өзіндік тарихы бір кітап боларлық. Ал Тарбағатайдың ең биік шыңы Тазтау революция кезінде ақтардың соңғы қамалы болған. Сол жерден қызылдарға үлкен соққы беріп, Қытайға өтіп кеткен деген әңгіме бар. «Ақтар әскерінің Тазтауға тіккен жалауының ағашы әлі күнге сол шыңның басында тұр екен» дейді барып көргендер.

«Кондюрин» заставасы

Қытаймен арадағы шекара заставаларының бірі Кондюрин деп аталады. Ашаршылық жылдары Қытайға босқан жұрттың Тарбағатайдың дәл осы жерінде көпшілігінің татар дәмі бітіп, талқаны таусылды. Қызыл

әскердің қанішер командирі Кондюриннің қолынан! Ақсүйек деп аталатын сайдың екі жағына екі пулемет құрып, босқан жұрттан адам шығармай, қырғызып отырған. Ғайыптың күшімен болмаса, қанды қасаптан жан баласы құтылмаған деседі. Қызыл командир Кондюриннің өзі қырылған адамдардың өлігін бір жерге жинап, соның үстіне шығып, темекі шегіп отырған дейді көнекөз қариялар. Адамның қаны судай аққан сол сай кейіннен Ақсүйек деп аталып кетті. Өлі күнге сол сайда қылтанақ шөп шықпайды. Кейіннен Қытайдан бергі бетке жасырынып өткен екі намысқой жігіт Кондюриннің басын кесіп, аузына темекі қыстырып, сол сайдағы үлкен бір тастың үстіне қойып кеткен деседі.

«Құлбаның басы» немесе Құлбабас

Тебіске өзенінің жағасында орын тепкен ауыл ертеде Құлбабас атанған. Осы ауылдың шетінен басталған тас қорымдар тау бөктеріне жақындағанда тіптен молая түседі. Бұлар — кезіндегі қазақ-қалмақ шайқасының белгілері. Ауылдың жоғары жағында үлкендеу келген дөң бар. Құймақұлақ қарттар сол төбеде қазақтың Жәнібек деген батыры (қай Жәнібек екені белгісіз) мың сарбазымен жатыр дейді. Қалмақ әскерімен шайқаста мың сарбазымен қоршауда қалып, бәрі сол жерде қаза тапты дейді. Тебіске өзенінен бір шақырымдай жерде тұрған төбенің астында қазақ аламандарының жатқандығын көктемде тасыған өзен ғана дәлелдейтіндей. Осыдан 20-30 жыл бұрын өзен тасығанда жарлар опырылып, арғы жағынан ақсөңке сүйектерді су ағызып әкететінін талай көргенбіз дейді үлкендер. Ал ауылдың Құлбабас атанған себебі, сол жерге қалмақтың әйгілі Құлба атты батыры қосын тігіпті. Астына мініп жүретін өгізі шапқан атқа жеткізбей, қуса, жетіп, қашса, құтылып кетіп отырған. Бір шайқаста астындағы өгізін садақтың жебесі жаралап, әскері тас-талқан болып жеңіліпті. Жаралы өгізімен қашқан Құлбаның Тебіске

өзенінің жанында қазақ әскері басын кескен. Содан ауыл Құлбабас деп аталды деседі. Қазір бұл ауыл Құмгөл деп аталады. Қанша тарихқа куә болған Құмгөл ашылмаған сыр секілді. Осыдан он жылдай бұрын археологтар келіп, бір төбені қазып, батырдың сауыт-сайманы мен жас әйелдің сүйегін тапқанын жұрт айтып жүр.

Бапанның Шағыры

Тарбағатай ауданының орталығы Ақсуат ауылынан 25-30 шақырымдай жерде жергілікті жұрт Бапанның Шағырының моласы деп атап кеткен жер бар. Абай «Айттым сәлем, Қаламқас» деп өлең шығаратын Тұржан сұлудың әкесі – әйгілі Тана мырза ауылының тұсында. Бапанның Шағыры – бұл адамның емес, жылқының зираты. Бес мыңға жуық жылқысы болды делінетін Бапан бай, «байлық бір жұттық» дегендей, бір қыста бүкіл жылқысы қырылып, жүген ұстап қалады. Бапан бай сонда шағыр құлынды жеке киіз үйде жас баладай мәпелеп, қиын қыстан шығарса керек. Түбінде атын бес мың жылқысы емес, осы шағыр құлын шығаратынын сезді ме екен? Сол шағыр құлынын баптап, көктем шықса, қай жерде ас-той болады, соған апарып, шағырын бәйгеге қосады. Шағыр ат сан бәйгеден оза шауып, Бапанға бес мың жылқысының тең жарымын жинап беріпті. Бапанның Шағыры деп атын шығарғаны – Қытайда өткен үлкен бәйге. Сол аламан бәйгеде үш жүз аттың ішінен алдына қара салмай келген Шағыр ат елдің ұранына айналды. Кейін Шағыр ат өлгеннен кейін Бапан оны адамдай арулап жерлеп, басына күмбез тұрғызыпты. Сол жер қазір Бапанның Шағырының моласы деп аталады.

Көпсүйек немесе «шайтан шатқалы»


Тарбағатай тауындағы шатқалдардың ішіндегі үрейлі естілетіні – Көпсүйек немесе жұрт «Шайтан

шатқалы» атап кеткен жер. Кезіндегі қазақ-қалмақ шайқасында осы шатқалда екі жақтан да есепсіз көп сарбаз қырылса керек. Содан қорымның көптігінен Көпсүйек атанады. Кейін ашаршылық жылдары қиналған халық Қытайды бетке алғанда, байлар көп қорымның арасына алтын-күміс, өзге де бағалы мүлкін көміп кетіпті. Адамдардың моласы деп ойласын деген шығар. Ел аузында «сол тығылған алтындарды жын-шайтан мекендеген» дейтін сөз бар. Әйтеуір, кім «көргені» белгісіз, кейіннен «Шайтан шатқалы» аталып, жұрт ол жермен жүрмеуге тырысатын болыпты. Жұрт арасында бұл шатқал жайлы аңызға бергісіз әңгімелер молынан жетіп-артылады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДА ТӨРТ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ АЛЫП БӘЙТЕРЕК БАР

(Авторы: Х.Сәтиев)

Қазақ бәйтерек ағашын аса қастерлеген. Өйткені ол ғарышпен байланыстырушы өмір ағашы боп саналады. Сондықтан оның еліміздің нышанына айналып, Астанадан



монумент боп көтерілуі кездейсоқтық емес. Алайда біз айтайын деп отырған бәйтеректің бұған еш қатысы жоқ. Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Сәтбаев ауылдық округіне қарасты

Көктүбек ауылының күншығыс жағында, Базар өзенінің бойында өсіп тұрған алып, байырдан келе жатқан бәйтерек бар. Биіктігі 20 метрдей болатын бәйтеректің түбінің шеңбері 7 метрден асады екен. Демек, бес-алты адам қол ұстасып тұрса құшақтары жетпейтіндей. Бәйтеректің бірнеше рет отқа оранғаны да көрініп тұр. Түбі біраз

ойылып, күйіп кеткен. Сонда да ағашы темірдей қатты кәрі терек сыр бермей тұр.

(Толығырақ: <http://alashainasy.kz/society/shyigyis-kazakstanda-tort-juz-jyildyik-alyip-bayterek-bar-54847/>)

Тарбағатай тауындағы тарихи жәдігер тастар қаншама! Кішкентай сәбидің аяғының ізі бетіне кәдімгі балшыққа кіргендей, он сантиметрдей кірген үлкен сандықтас бар деседі.

Тарбағатай тәкаппар қалпында, «бар құпия – менде» дегендей, алыстан асқақ көз тастайды.

ҚҰТ АЙДЫНЫМ, БАЙТАҒЫМ, ЖАЗИРА ЖАҒА ЖАЙСАҢЫМ...

(Авторы: Жұмағазы Игісін)

Сауыр-Сайқан мен Тарбағатайдың түйісер тұсында атақты «Қандысу» өзені ағып өтетін үлкен аңғар бар. Ел оны «есік» деп кеткен. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында сол аңғарды бекітіп, бөген салынды. Шорға жазығы қайта-қайта құрғақшылыққа ұшырай берген соң Тарбағатайдың басынан жауын-шашын үзілмейтін бір бөлтегін көтеріп әкеліп, елін қуаңшылықтан құтқармақ болған Толағай батыр сартап болған сары далаға аяқ басысымен-ақ төбесінен жаңбыр сіркіреп беріпті. Қуаныштан жүрегі жарылардай боп келе жатқан қара күш иесі дәл осы жерге келгенде абайсызда сүрініп кетіп, тау астында қалыпты. Бұл тау сол батырдың құрметіне «Толағай» атаныпты...

Осы бір аңызтауға жетер-жетпесте мінер жағыңызға қарасаңыз, өзгеше бір көгілдір әлем жайылып сала береді. Бұл – өзіңіз атын сан естіген, бір көруге ынтыққан Зайсан көлі.

Аңыз былай дейді: есте жоқ ескі заманда оңтүстік Алтай мен қалба қыраттары және Суырлы таудың арасы ит тұмсығы батпайтын ну орман болыпты. Әрісі Алтай

жоталарымен, берісі Тарбағатай, Сауыр-Сайқан, Қалба сілемдерімен, Шар-Көкпекті шоқыларымен шектесетін кең атырапты телегей теңіз басып жатыпты. Кейін келе ол теңіз тартылып, орнында қалған ойпат «Зайсан қазан шұңқыры» аталыпты. Шұңқыр десе - шұңқыр, ұшақтан қарағанда астау сияқты болып көрінетін осы маңнан ғалымдар тіпті динозаврдың да қаңқасын тапқан деген сөз бар...



Бұдан шамамен 1-2 миллион жыл бұрын Алтай тауларының қайтадан көтерілуінен оның кейбір жерлері төмен түсіп кетіпті. Содан барып Зайсан ойысы пайда болып, ол шүпілдеп суға толыпты. Ол көл сол

маңды мекен еткен ұлыстардың тілінде «Нор-Зайсан» атаныпты.

Әлқисса, тым ерте уақытта бұл маңда да ақсирақ жұт, қатты ашаршылық болыпты. Жоңғары бар, ойраты бар беті ауған жаққа босқан қарақұрым қалың тайпаның жүре алатын жұрнағы осы көлге тап болып, оның балығын аулап жеп, қырғыннан аман қалыпты. Соның құрметіне көлді «Заасингор», яғни «мейірбан, жақсы көл» деп атап кетіпті-мыс... Ал оған дейін бұл айдын «қоңыраулы көл» атанған деседі. Аспан әлемінде жұлдыз жамырағанда көл бетінде болсаңыз, дамылсыз есіп тұратын саумал самалдың әсерінен сым темірдің ызыңына ұқса сыңғырлы әуен естуге болады. Сол ерекшелігіне қарап, бұл көлді «жарыса соғылған қоңырау дауысты көл» деп те атаған көрінеді. Кейінірек көлге атау болған «зайсан» сөзі тұрғысында жорамал да көп, болжам да жетерлік.

Күміс қоңыраулар көлі

Аты аңызға айналған мәңгі де түрленгіш Зайсаным!
Ол аспан сәулесі түскен айна астында сергек ұйқыда жатыр. Ұшудан қалжыраған кішкене ғана маса суға құлап түсіп, бір сілкінеді де, судың нәзік айдынымен толқындана дөңгеленеді. Ауа райының құбылуымен бірге Зайсан да өршеленіп, жұлқынады. Азуы арсиған толқындар жағадағы жарға сұр қасқырдың қапшығындай тап береді. Ондай кезде ол өте қауіпті! Мұнда жиі соғатын жел екпінімен шөлді өртеп, жағалаудағы қамыстар мен сансыз құстардың қиқуымен құлақ тұндырады. Жусан иісті, ащы, жұпар, хош иісті желдер соғады. Жұлқына соғатын немесе баяу да майда леппен толқындата соғатын таза желдер де болады. Осы толған дауыстың барлығы - бақыт немесе қайғы, махаббат немесе айрылысу туралы, тіршілік туралы жырлайтын ұян да албырт дала тұрғынының үнін бейнелейтін домбыра сазы. Мұндағы мәңгілік ғасырлар бойы нығая түскен. Жағадағы кеңістік елсіздікті және тыныққан керуенге қосылған азан-қазан дауысты, құландардың дүбірін, тұзат тұяғының бұрқыратқан шаңын және қос өркешті түйелердің маңғазданған аяқ алысын, қарақұйрықтардың зорыға тыныс алуын және аш барыстың ақыруын ұмыта қойған жоқ. Ал таң сәрідегі жұлдызбен бірге күннің жалындап атуы мен батуы кезіндегі қайраң үстіндегі тірі бағана тәрізденіп, үйіріле билеген масалар гуілі үдей түседі. Республиканың шығыс бөлігіндегі көлдерді қарлы таулар, тайгалық ормандар және сары дала қоршап жатыр. Түн сайын «су астынан қоңырау сыңғыры естіледі» деген аңыз түн ортасында жандана түседі. Зайсанның Күміс Қоңыраулар көлі аталуы да содан екен. Тағы да тынымсыз жел, мәңгілік КҮН, масалар гуілі. ТҮН ортасындағы көл суы астындағы қоңырау сыңғыры туралы аңыз өлмей, жасай береді.

Катонқарағай Мемлекеттік табиғи ұлттық паркінің құрылғанына 15 жыл

Қазақ жері мен төрінде құт қонған жерұйық қоныс, жанға жайлы жәннат мекен аз емес. Соның бірі – Өр Алтайдың төрінен, атақты Мұзтаудың етегінен ойып тұрып орын алған Катонқарағай ауданы. Мыңжылдық қарағайы мен самырсыны, балқарағайы жайқалып өскен нулы мекен, қаз қаңқылдап, сансыз құстар сайрап ұшқан осынау бір ғажап жерде бұдан 15 жыл бұрын Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылды.

Катонқарағай ұлттық табиғи паркі - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының аумағында 2001-жылы ұйымдастырылған саябақ.



Ұлттық парктің флоралық құрамы өте бай, онда жоғарғы сатылы өсімдіктердің 2000 түрінен астамы бар. Қорғауды қажет ететін өсімдіктердің сирек түрі ерекше құндылыққа ие, ал олардың кейбір түрлері (30 түрінен астамы) жоғалу шегінде тұрғандықтан, Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген. Ұлттық парктің негізгі игілігі — бұл тауларды жасыл алқамен көмкеретін, климатты жұмсартып, реттейтін ормандар. Парктің аумағы орман ресурстарына бай аймақта орналасқан. Тау ормандары теңіз деңгейінен 2200 м. — 3200 м. дейінгі биіктікте таралған. Олар аңдар мен құстарға мекен болып, қоректендіреді.

Ұлттық парктің фаунасы әртүрлілігімен ерекшеленеді. Парк аумағында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жан-жануарлардың көптеген түрі мекен етеді.

Марқакөл Мемлекеттік табиғи қорығының ұйымдасқанына 40 жыл (1976)

Шығыс Қазақстанда Марқакөл деген табиғаты әсем көрікті жер бар. Тіпті сонда республикамызда құрылған алтыншы мемлекеттік қорық орналасқан. Қорықта көптеген шипалық мәні бар жоғарғы сатыдағы өсімдіктер де баршылық. Жағалауын қайың, қарағай, шырша өскен орманды алқап алып жатыр. Балыққа бай (табан, сазан, аққайран, хариус, майқан, қарабалық, мөңке балық, т.б.), зоопланктонның 60 түрі кездеседі. Құстың ондаған түрі мекендейді. Мұнда Марқакөл қорығы ұйымдастырылған.

Марқакөл – Шығыс Қазақстан облысында



орналасқан әдемі көлдердің бірі. Көл Азутау және Күршім жоталарының аралығында, теңіз деңгейінен 1449,3 м биіктікте орналасқан. Суының мөлдірлігі мен көлді айналдыра қоршаған биік таулардың және әсем шыршалардың келбеті

табиғатқа керемет көрініс береді.

Марқакөл – ұшса қыран қанаты талатын қазақ даласының шығысында орналасқан әдемі көлдердің бірі. Суының мөлдірлігі мен көлді айналдыра қоршаған биік таулардың және әсем шыршалардың келбеті табиғатқа керемет көрініс береді.

Марқакөл алғаш рет орыс саяхатшыларының арқасында XIX ғасырда ғана хатқа түседі. Тау бөктерінде орналасқандықтан, Марқакөлге жету тіпті XX ғасырдың өзінде қиындық тудырып жатты. Оның үстіне көлдің климаты адам үшін өте ыңғайсыз болып келеді.

Марқакөлге арнап түсірілген Иннокентий Смоктуновский дыбыстаған «Озеро студеное, ласковое» атты деректі фильм көлдің танылуына үлкен әсерін тигізді.

Жағалауын қайың, қарағай, шырша өскен орманды алқап алып жатыр. Түрлі балықтарға бай. Мұнда зоопланктонның 60 түрі кездесе, құстың ондаған түрі мекендейді. Табиғат-Ананың байлығын сақтап, қорғау мақсатында Марқакөл қорығы ұйымдастырылған.

Шығыс Қазақстан облысында еліміздің ең сұлу орындарының бірі болып саналатын - Марқакөл ұлттық қорығы. Марқакөл көлі осы өңірдің негізгі көркі болып табылады. Көлдің оңтүстік жағында Азутау жотасымен көршілеседі.

Қорықтың фаунасы да сан алуан, онда шамамен алған кезде 900 жуық өсімдік түрлері өседі. Олардың кейбірі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген.

Аңыздарға сүйенсек, Марқакөлдің атауы туралы да қызықты әңгімелер бар. Марқакөл қорығының табиғат байлығын, оның таңғажайып сұлу көрінісін қазақтың көрнекті жазушысы Ж.Аймауытов «Ақбілек» атты романында ерекше атап көрсеткен. Марқакөл көлін осы аймақтың інжу-маржаны деп атауға болады. Және бұл мекенді көрген адам сұлу жер туралы аңызды да біле жүргені абзал:

- «Ерте кезде көлдің орнында кең жазық дала болыпты. Бұл жерде алуан түрлі әсем жасыл шөптер өскен екен. Оны жайлаған бір байдың жүйрік аты бір орнында тұра алмай, қатты мазасызданыпты. Бір кезде су атқылап шығады. Атқылаған су шөптерді, ағаштарды басып, жоғары көтеріліп, тау баурайына дейін жетеді. Ауыл көшіп үлгере алмай, байдың бір көген қозы-марқалары су астында қалып қойыпты. Осыдан барып пайда болған көл «Марқакөл» деп аталыпты.»

- «Бұл оқиға ертеде болған. Таулардың арасындағы жазықта кішкентай ғана таза бұлақ сылдырап ағып

жататын. Әкесі мен ұлы бағатын қойлар осында су ішуге келетін. Олардың отарында бір кішкентай марка қозы болушы еді. Бір күні сол қозы бұлақтан су ішуді ойлайды. Кенет оны су тарта бастайды. Мұны көрген бала марқаны құтқаруға жүгіреді. Бірақ қанша тырысқанымен шамасы келмейді. Содан соң көмекке әкесін шақырады. Олар екеулеп тартып жүріп, ақыры қозыны құтқарады. Сол кезде бұлақтан су атқылап кетеді де, бүкіл жайылымды басады. Сөйтіп, көл пайда болды. Содан бері бұл көл «Марқакөл»

Зырян кентінің Зырян қаласы аталғанына 75 жыл (1941)

аталып кетті.»

Зырянның тарихы 1871 жылы басталды. Темір ұсташы – оқушы Герасим Зырянов Березовка өзенінде ежелгі қазылған тау қыртыстарының іздеріне көзі түседі. Олар жиналған тас қалдықтарынан сынама жасап алтын, күміс, қорғасын, мырыш қалдықтарын анықтайды. Сол жылдың күзінде шахта жұмыстары басталады. Сонымен қатар жұмысшы поселкесінде құрылыс жұмыстары жүре бастады. Бес жылдан соң бұл Зырян кенішіне жұмысшы шаруалар қарқынды түрде келе бастады. Бұқтырма өзенінің жағалауында Снегирово, Тұрғұсын, Парыгино, Богатырево, Крестовка селолары пайда болды.

Зырян кеніші бірнеше рет шетелдіктердің қолына көшті. 1897 жылы бұл кеніштің иелері француздар болды. 1902 жылдан 1905 жылға дейін кеніш «Ұлы император және оның кабинетінің» билігінде болады. 1905 жылдан 1914 жылға дейін кенішті австрия компаниясы биледі. 1914 жылдан бастап Зырян кеніші ағылшын акционерлік қоғамы концессиясына беріліп, 1918 жылға дейін олар кенішті өз пайдаларына асырған екен. 1925 жылы шартқа қол қойылып, Зырян жер қойнауының концессиясы «Лена Гольдсфильде Лимитед» ағылшын акционерлік қоғамына

тапсырылады. 1931 жылы Зырян кенішінің басқармасы құрылады.


1937 жылы қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығымен Зырян селосы поселок болып аталады.

Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңес Президиумының Жарлығына сәйкес 1952 жылдың 29 қаңтарынан Зырян қаласы облысқа бағынатын қаланың бірі болады.

Зырян ауданы Шығыс Қазақстан облысының батыс шығысына қарай, Лениногор Зырян аймағының оңтүстік-шығысына қарай Ревнюшенск аймағының алатын Риддер, Катонқарағай, Ұлан, Глубокий, Алтай өңірімен шектесе орналасқан.

Риддер қаласының іргетасы қаланғанына 230 жыл (1786).

Риддер – өзіндік қызықты тарихы бар шағын қала. Бұл берекетті қалаға адамдар сонау тас дәуірінен бастап қоныстана бастаған. Ал қаланың тарихы 1786 жылдан бастау алады. Бұл кезде «кендерді ғана емес, сондай-ақ әр түрлі пайдалы минералдар мен тастарды» да іздеу жұмыстарын бастау туралы патша Жарлығы шыққан болатын.



1786 жылы мамырдың басында Алтайға 9 іздеу тобы жіберіледі. олардың біріне 27 жастағы тау офицері Филипп Риддер басшылық еткен. Ол алтыны, күмісі, полиметаллдары бар бай кен орнын ашу бақытына ие болды. 1786 жылдың жазында алғашқы құрылыстар орнатылып, қонысқа Риддер кен орны деген

атау берілді. Осылайша Риддер қаласының негізі қаланған болатын.

Риддер 320 шаршы шақырым аумақты алып отыр. Қала аумағында 1935 жылы негізі қаланған Алтай ботаникалық бағы орналасқан. Жыл сайын ол қаланы ғана емес, сондай-ақ еліміздің басқа қалалары мен ауылдарын көгалдандыруға ат салысады. Қол жеткізген жетістіктері үшін Алтай ботаникалық бағы ботаникалық бақтардың Халықаралық қауымдастығына қабылданды.

ТАБИҒАТ ТАҢҒАЖАЙЫБЫ

Тарбағатай тауындағы балбал тастар

(Авторы: Қайыртайұлы)

Тарбағатай тауымен иықтас, ұштас жатқан Өкпеті жотасы бар. Арнайы экспедиция ұйымдастырылса осы жердегі қос балбалдың сыры ашылар еді. Біраз арынмен тарихын қазақ жеріндегі тіршілік пайда бола бастаған кезеңнен іздеп көрдік. Оған келіспегендей жағдай болса, анализ-зерттеулер керектігінің белгісі. Қос балбал тастың сырт көрінісі былай. Өкпеті тауының ең биік нүктесі



Жалаулы деп аталады. Аталмыш шыңның артқы қайқаңында тау басындағы бастаудан бұлақ ағып жатады. Сол арадағы кішкентай қолатта адамның қолымен қашалған, бірақ көнеріп, ескілік тартқан тас мүсіндер орналасқан.

«Балбал тастар» атты кітапты көрсеңіз, сонда берілген Орхон және Талас бойындағы мүсіндерге өте-мөте ұқсастығы және бар. Ақиқаты әліге дейін дұдамал.

Ол туралы мынадай ғана қысқаша аңыз да бар. Жұртшылық бір-бірін емірене сүйіп, табиғат қоспаған қос

ғашықтың іңкәр сезімдерінің нышаны етіп жасаған дейді көнекөздер. Кім біліпті? Десе де қос балбалдың бірінің ер, бірінің әйел етіп қашалғаны көзге ұрады. Әйел мүсіні мойын тұсынан морт сынған. Басы топырақ астынан аршылып алынды. Бірақ ешқандай да мұражайға экспонат ретінде қойылған да, зерттелген де жоқ. Ғашықтар ескерткіші ШҚО, Тарбағатай ауданы, Қызылкесік округтік әкімшілігіне қарасты Үштөбе ауылының аумағында орын тепкен. Кейбір ежелгі тас қорымдардың, атақты Шілікті сақ қорымдары табылған аймақтарға іргелес жатқандықтан біз білмейтін қанша сырдың бары бір Құдай аян. Естігеніміз бен көргенімізді қосақтап, Тарбағатай жотасының Өкпегі тауындағы тас балбалдар жайындағы айтарымыз осы еді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қиын керіш. Оны ғалымдар

«Әлемнің сегізінші кереметі» дейді

Зайсан көлінің солтүстігінде Құйған, Аманат, Ақсуат, Мөнекей, Жолнұсқау сияқты ауылдар тұрғындары ежелден балықшылықты кәсіп етеді. Көлдің солтүстік шығысында Қиын керіш деген геологтар мен табиғат



танушыларды, археологтарды жіпсіз байлайтын жер бар. Бұл атырап туралы да ғалымдар мен натуралист жазушылар ара-тұра жазып жүр. Қиын керішке барарда Қарабүйрек шоқысы мен мұндалайды. Осы жота қып-қызыл болып көз тартады. Неге олай? «Топырағы неге қызыл?» деген сауал өзінен өзі туындайды. Геологтар бұл араны

«балқып жатқан адырлар» деп те атайды. Қарабүйрек шоқысының қарасы көрінгеннен-ақ түрлі түске еніп, сағым ойнайды. Жақындаған сайын от шашқан сияқты көрінген адырлар айқын көріне бастайды. Сағымдар «қисық айнаға» түскендей құбылады. Жалт-жұлт еткен отты ұшқын көзді арбайды. Расында таңғаларлық-ақ. Осының бәрін сөзбенен айтып жеткізу қиын. Бейне бір отты адырларға әлемнің барлық жұлдыздары жауып, енді торға түскен балықтар сияқты тыпырлап, көз қызықтырар сәулесін шашып, аспанға ұшып кеткелі жатқандай көрінеді. Нағыз – «Жатпланеталық пейзаж». Ғажайып адырларға қадам басқанда түс көріп немесе ертегі әлемінде жүргендей сезінесің. Көре келе жарқыраған жұлдыздардың да құпиясы ашылады. Оның өзі жарық шашқан күн нұрымен шағылысқан друзалар (бір негізді кристалдар тобы) мен олардың жарықшақтары екен. Бұл дегеніңіз, геологиялық Зайсан Колорадосы немесе әлемнің кереметі – Қиын керіш.

«Мұнда әр келген сайын керіштер әр қырынан көрінеді», – деп жазады жазушы Борис Щербаков. Зайсанның бұл керіштері шөгінді жыныстардан пайда болған. Миллиондаған жылдар теңіз бен көл түбінде жатқандықтан, әр түрлі химиялық құрамдағы қатпарлар қабаттаса берген. Әр геологиялық дәуір өз қолтаңбасын, өз бояуын қалдырып отырған. Мейірімді күн нұрын төгіп, көк жасаң нуға оранды, пальмалар мен папоротниктердің орнын қылқан жапырақты ормандар басқанын да бастан кешірді. Олардың керіштер мен тасқа түскен бедерлері бүгінгі бізге жазылған хаттай таңбаланып қалды. Осы арадан алып тасбақалар мен жыландардың қаңқалары сияқты өте ертедегі тропикалық кезең фаунасы мен флорасының белгілері болып бізге жетті. Алып жануарлар мен құстар зулаған ғасырлармен бірге кетті. Қаһарлы суық климат пен құрғақшылықтар да өте шықты. Қазіргі өсімдіктерге ұқсас табиғат әлемі де осы арада үстемдік құрды. Уақыт өте келе біздің планетамыз жаңаша жасанып

шыға келді. Артынша осы алапты мұз құрсауы басып жатты. Қиын керіш – бейне бір геологиялық кітап дерсің. Бәрі өткенге кетсе де, бірінен соң бірі тізбектелген дәуірлердің тасқа айналған бейнелері осы кітапта сыр қозғап тұрғандай. Антрополог ғалымдар адамзаттың арғы атасы қайдан бастау алатынын білу жолында қаншама ізденіп, сарыла енбектенді десеңізші?! Соңғы жылдары Еуропадан есте жоқ ескі замандағы «Идой» деп ат қойылған маймылдың қаңқа сүйегі табылды. Планетологтар «барлық адамзат дамуына бастау, эволюциясына негіз болған бір тармақ осындай жан иелері ме» екен деген ойға келген. Алайда дәл осы жерде Зайсан Қазан шұңқырындағы біз сипаттап отырған керіштерден өте ертедегі приматтардың түпкі ата-бабаларына ұқсас қаңқаны тапқанын естен шығаруға болмайды.

Қиын керіш – бағзы замандардағы «үшінші мыңжылдық» деп аталатын дәуірдің, бір кездердегі теңіздер мен бұғаздардың көзі. Куәсі десе де болады. Осында аяқ басқан мамандар мен ғалымдар, қызыққұмар әуесқойлар, жақсыны көрмекке құлшынып тұратын қаламгерлер Кайнозой дәуірінен кейін келген, осыдан 60 миллион жыл бұрынғы «үш мыңыншы» дәуірде жүргендей әсер алатыны сөзсіз.

Берел қорымының кереметтері

Берел қорымы - Қазақстандағы сак дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Қорым б.з.б. V-IV ғасырларда салынған. Берел қорымы Шығыс Қазақстан облысындағы Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырым жерде, таулы аңғарда орналасқан. Қорымның құрамында 30-дан астам оба бар.

Обалардың бірінен қалың тақтайдан текшелеп, үсті бөренелер мен бірнеше қабат тоз және бұтамен кезектесіп жабылған там табылған. Оның ішінде апалы-інілі - 35-40



жастар шамасындағы ер адам мен 50 жастағы әйел мүрделері табылған. Олардың аса бай салтанатпен безендірілген киімдері көгілдір ақық моншақтармен, жұқа алтын әшекейлермен сәнделген. Қастарына небір әсем тұрмыстық заттар қойылып,

13 мініс сәйгүлігі жерленген. Ең ғажабы, ұзақ сақталатын арнайы өңдеуден өткізіліп, мәңгілік тоңның астына қойылғандықтан, жылқылардың сүйегі мен жүні ғана емес, етіне дейін сақталған. Жылқылардың алдыңғы төртеуіне таутекенің мүйізі қондырылған тері бетперде кигізілген. Бетперденің біреуі теріден жасалған ирек мүйізі бар, имек құс тұмсықты болып келген.

Оған ағаштан ойылған мифологиялық грифон мүсіні қондырылған. Қорымдағы ер-тұрман мен ат әбзелдері де өзінің - енелігімен көз тартады. Бұйымдарға салынған ою-өрнектер, әшекейлер сол дәуірде өмір кешкен бабалардың жоғары дәрежедегі шеберлікке жеткен өнер болмысын танытады. Қазір Алтай тауынан табылған бұл ескерткіштер зерттелу үстінде.

Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесі

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Таңсық



ауылы маңында ғашықтардың мазары бүгінде Х-ХІ ғасырдың мемориал-ескерткіші ретінде орнатылған. Бір зерттеушілердің пікірінше, ол V-X ғасырда көтерілсе, басқалардың пікірінше Х-ХІ ғасырда орнатылған деседі. Лиро-эпостық поэманың кейіпкерлерімен байланысқан мазар біздің күнге дейін жеткен ежелгі Қазақстан ескерткіші болып

табылады. Жалпы биіктігі 11,65 м. Ескі құрылысқа көпшілігі қызығушылық білдірді.

XIX ғасырдың соңғы зерттеулері бойынша кейбір зерттеушілердің жазбалары сақталған. Мәселен, Ш.Уалиханов 1856 жылы естелікті көріп, күмбездің биіктігіне тоғыз адам бірінен соң бірі тұрып, жететінін байқап,таңданған. Оның тас құрылысы ескерткіші жанында тұрып суреттеме жасағаны үлкен құндылықты құрайды. Халық аңызы бойынша фигуралар Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлуды және оның кіші сіңлісі мен келінін суреттеген. Естелік бозбала мен бойжеткеннің арасындағы шексіз махабаттың символы ретінде сақталып, адамның жоғары руханилығын баяндайды. Қозы-Көрпеш жігітінің есімімен сұлу Баянның бейнесі он бес ғасыр бойы ажырамай келеді. Олардың сұлу да күшті сезімі бөлінбей, көпғасырлық ескеркіш мұрасын сақтап келеді. Ғашықтардың қос жүректерінен лапылдаған махаббат жаңғырығы ақындарды, драматургтерді, этнографтарды шабытқа жетелеп, әртүрлі халықтың тарихшыларын өзінің әсем мүсінімен тарта білді.

Ақбауыр үңгірі

Ақбауыр үңгірі - қола дәуірінің ескерткіші. Шығыс Қазақстан облысы. Ұлан ауданы. Бестерек ауылының солтүстігінен 3 км жерде Ақбауыр тауының етегіне орналасқан. Жүйелі зерттеу жұмыстарын 1970 - 90 жылы ҚР ҒА археолог экспед. (жетекші З.Самашев) жүргізді.



Үңгір қабырғасындағы қызыл күрең охрамен салынған суреттер б.з.б. 3-мыңжылдықтың басына жатады. Төбесі қуыс, іші конус тәріздес күркеге ұқсайтын үңгір, әсіресе, оның кіре берісіне қарсы суреттер салынған негізгі қабырғасы көп адам табынатын, киелі орын болған.

ТМД-дағы ең үлкен аспалы көпір - Қазақстанда

Ертістің арғы жағы мен бергі жағын ғана емес, Азия мен Еуропаны, қыр мен Сібірді жалғастырып жатқан "Аспалы көпір" – Шығыс Қазақстанның жеті кереметінің бірі саналады. Стратегиялық маңызы зор нысан – Семей жұртына Тәуелсіздіктен кейін келген тарту. Мұндай көпірлер тек АҚШ, Оңтүстік Корея, Түркия елдерінде ғана салынған. Яғни, "Аспалы көпірдің" Алаш жұрты үшін абыройы асқақ, бағасы қымбат.



Аспалы көпір – құрылысының негізгі бөлігі иілмелі, жұмсақ материалдардан (шоғырсым, болат арқан, шынжыр) жасалатын, ұзыннан-ұзақ тартылған көпірдің бір

түрі. Көпірдің негізгі жолы ілгектер арқылы діңгектерге бекітіліп, аспанда қалқып тұрады.

Семей қаласының мақтанышы саналатын аспалы көпір ТМД мемлекеттерінің ішінде жалғыз, ал әлем бойынша көлемі жөнінен 17-ші орынды иеленеді. Аспалы көпір – қала өңірінің оң жағы мен сол жағын байланыстыратын тендесі жоқ құрылыс нысаны. Бұл көпірден күніне 60-80 мыңнан астам көлік қаланың ана бөлігінен мына бөлігіне жүйткіп өтеді. Ал жалпы Семей қаласында қаланының екі бөлігін біріктіріп тұратын үш көпір бар: біреуі – теміржол көпірі, екеуі – жай көпір.

Мұзтау тауы - Алтайдың қарлы диадемасы

Мұзтау тауы – облыстың табиғи көрнекті орындарының бірі. Ол тек Алтайдың ғана емес, сонымен қатар бүкіл



Сібірдің ең биік шындарының бірі, реликтік ленталық қарағай орманы болып табылады. Ол – Алтайдың қарлы диадемасы. Буддисттердің сенімі бойынша – Жер кіндігі, христиан – ескі дәстүршілерінің ойынша – Ақсу жері. Көптеген қорғандар бұл жерде үгітіліп шашылып жатыр. Мұзтау бөктерлеріндегі б.э.д. 3-2-ші ғасырлардағы

патша қабірлері. Мұнда Ресей, Қытай, Қазақстан және Монғолияның шекаралары ұштасады. Тауларына жыл сайын барлық әлем бұрыштарынан альпинисттер келеді. Үлкен биіктіктер, құламалы рельеф, мұзданудың түрлі формалары қиындығы бойынша түрлі категориялы тау шындарына шығуға мүмкіндік береді.

Дерек көзі: <http://e-history.kz/kz/map/view/324>

Рахманов Ыстық Көзі

Өткен ғасырдың ортасына дейін жергілікті жұрт «Арасан» атап жүрген «Рахман қайнары» шипажайын Алтайдың жұмағы деп атауға да болады.

Облыс орталығы - Өскеменнен 460, бұрынғы аудан орталығы - Катоннан 115 шақырымдай қашықтықта жатқан, теңіз деңгейінен екі мың метр биіктіктегі жұмағы шипажайдың екінші «тынысы» жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары ашылған.



Ыстық қайнар көздердің емдік қасиетін Рахманов деген аңшы 1763 жылы ашқан. Ел аузындағы аңызға сенсек, ол саятшылық құрып жүріп, мылтығымен маралды жарақаттайды да артынан қуады. Жануар қашып отырып, осы суға кеп түскен екен. Күшін

жоғалтқан жаралы марал біраздан соң әл жинап, қайнардан секіріп шығады. Осы кереметке куә болған аңшы судың бір ерекшелігі бар екенін түсінеді.

Ғалымдардың айтуынша, осы орындардың жерасты өзендері емдік радонға бай – радиобелсенді элементтердің таралу өнімі граниттің өте сирек минералдарында болады. Жерасты ыстық сулары буындарды, омыртқаны, жүйке



тамырлары мен теріні, яғни, бүкіл адам ағзасын сауықтыруға аса пайдалы. «Жердің тым терең қабаттарынан шығып жатқан сулардың «есту» және «түсіну» қабілеті жетілген, сондықтан мұндай судың жанында тұрып

былапыт сөйлеуге, қарғыс айтуға болмайды, айтылған сөздің бәрі де сол адамның өзіне айналып тиеді, ал оған

қоқыс лақтырған адамды су жұқпалы аурулармен жазалайды», дейді қайнарды зерттеген ғалымдар. Кейбір ем алушылардың айтуынша, осы бір өлкеде түнгі аспаннан жарқылдаған шамдар, түрлі-түсті сәулелер жиі көзге шалынады екен. Ол қандай жарық? Қайдан пайда болады? Өкінішке қарай, бұл жұмбақтың сырын әлі ешкім ашқан емес. Мүмкін, бұл киелі мекеннің жеті қабат ғарыш кеңістігімен бір байланысы бар шығар... Кім білсін?

Осы жердің астында ағып жатқан өзендердің құрамында, көпшіліктің ойынша, емдік қасиеті бар радон, яғни өте сирек кездесетін гранит минералдарының ұсақ бөлшектерге бөлінуінің құрамдасы бар. Термалды сулар буындардың, омыртқа сүйектерін, жүйке жүйесін және тері ауруларын емдеуде қолданылады. Шаруа Рахманов 1763 жылы ыстық көзді тауып алғын. Аңызға сәйкес, ол маралды жаралайды, жаралы жануар осы ыстық көздерге келіп шомылып аман-сау шығады.

Дерек көзі: Altaynews.kz

Бұқтырма көлі



Бұл жердің табиғаты керемет. Бұқтырма көлінің маржан суы өзінің тамаша көріністерімен және балық аулау орындарымен белгілі. Көптеген өзендер мен жауын сулары тау шатқалынан көлге құйылғандықтан әдемі сарқырамалар көп. Тек Шанды Бұлақ қана көлден ағады.

Австриялық жол

Қазіргі таңда, шетелдіктердің шыныменде Қазақстанға деген қызығушылықтары артып келеді. Мысалы, Австриялық тілшілер Шығыс Қазақстан облысының тарихи мұралары жайында деректі фильмдер түсіруде. Олар аймақтың бай табиғатына қатты қызыққан. Соның ішінде Қатон-Қарағай ауданы мен Марқакөл көлін жалғастыратын ескі австриялық жол. Бұл ескі австриялық жолды бірінші дүние жүзілік соғыстың тұтқындары салған. Маршрут екі асу арқылы ең әдемі жерлер арқылы өтеді. Ұзындығы 50 шақырым. Австриялық тілшілер Шығыс Қазақстан облысының өлкетанушысымен кездесіп, өздері үшін жаңа тарихи мағлұмат алды. Қазіргі таңда түсіру тобының мүшелері осы жолды салуға ат салысқан адамдардың туыстарын іздестіруде. Шетелдіктерді осы аймақта өмір сүретін адамдар таңқалдырған. Олардың ойынша жергілікті тұрғындар европалықтар секілді консерваторлық және шығыс халықтарына тән қонақжай – деп австриялықтар қазақстандықтарды есептейді.

Отандарына оралғаннан кейін тілшілер өздерінің жұмыстарын Австрияның оңтүстік-шығысында орналасқан Грац қаласында өтетін халықаралық кинофестивальға ұсынбақ. Ол фильмді Австрия Республикасының барлық мемлекеттік федералды каналдарынан көрсетеді.

ТУҒАН ӨЛКЕ ӘУЕНДЕРІ

Шыңғыстай

Шыңғыстайдың келбетін көктемдегі
Көрсем деуші ем армандап көптен бері.
Құшағына ап Алтайдың от шеңбері
Жабырқаған көңілім көкке өрледі.
Жылу беріп жаныма Мұзтау жақтан
Жүгіріп кеп бетімнен өбкен желі.
Осы екен ғой Шыңғыстай – Оралханның
Орман кезіп, ой кшіп өскен жері.
Дос-құрбысы бар ма екен – мен білмеймін,
Әлде таппай өтті ме дос пендені?...
Ардақтай ма бүгінгі ел Оралханын?
Келгенім жоқ мен мұнй тексергелі.
Асылдарды аяққа басуға әзір
От қолқалы ғасырдың шоқ шеңгелі,
Қазы, жалды ысырып бүгінгінің
Жейтініндей тамсанып шөп-шөңгені.
Кербұғыны, о ғажап, қара мына!
Біреуді іздеп тауға өрлеп барады ма?..
Жалт бұрылды, кілт тоқтап, маған қарай
Көзін салып мұң тұнған қабағыма.
...Жас іркіліп оның да жанарына.

Фариза Оңғарсынова

Мұзтау

Япыр-ай, бұл атауды кім таңдаған,
Таңданар естігенде мың сан ғалам?!
Шаншылап тұрған таудың тұла бойын
Жарқырап көкпеңбек мұз құрсаулаған.
Жолы жоқ бастайтұғын жосып алға,
Сұсынан адам түгілі шошыр аң да.
Рухы ұлылардың мекендеген

киелі Шамбала да осы маңда.
Мұзтаудың іші толған кен бе, жел ме?
Ал оны түсінбейміз сен де, мен де.
Өзінің сұңғақ бойын көрсетпейді ол
Біздердей күнәсі көп пенделерге.
Бәрібір оған қыс па, жаз айы ма –
Мұз құрсау денесі де, самайы да.
Тайғақ шың Әлібекке құшақ жайып,
Өзгені жолатпайды маңайына.
Мұзтаудан тарайтындай бар жақсылық,
Жасқанып етегінде алғаш тұрып
Қарадым дір-дір етіп, осынау шың
Тұр-ау деп жер мен көкті жалғастырып.
Аңыздың Мұзтау жайлы шет жағасын
Естігем, қатады әлі текке басым.
Көргенде осы шынды жұмақ жаққа
апарар баспалдақ па деп қаласың.

Фариза Оңғарсынова

Өр Алтай

(үзінді)

Мұзтаудан көтрілсе серпіліп күн,
Сарғайтып күткендердің дертін ұқтым.
Өр Алтай бес мың жылдан бермен қарай,
Отаны ғұн менен сақ, ер түріктің.
Өр Алтай – ер түріктің шыққан жері,
Әрқашан оңғарылар құтпан желі.
Көктемге дейін қорек қоңыр күзден,
Құнарлы балқарағай тұтқан жемі.
Қолында тұрғандайын бар құзырет,
Алдыңнан қарсы алар ма қар қызы кеп?!
Айтқаның бекер болар қазақпын деп,
Көрмесең Алтайыңды жалғыз рет.
Орманы жаратылған сыңсып қашан,
Түгінен ажырар ма қылшықтасаң?!

Ғұндардың ұрпағымын деуің бекер,
Мұзтаудың төбесіне бір шақпасаң.
(Төлеген Рақымжанұлы)

Ертіс

Бастау алып ағады Қытай жерінен,
Бұрынғы атақоныс қазақ елінен.
Көп өзендер суымен көбейіп,
Тоғысады Қара Ертіс Зайсан көлімен.
Батырлар қашанда сүйген халқын,
Сүйіп өскен тілін, дінін, әдет-салтын.
Батырдың ерлігіне халық риза болып,
Осы өзенге беріпті Ертіс атын.
Зайсан көлінен ұзын Ертіс ағады,
Қалың тоғай көк майсалы жағалы.
Өскемен, Семей, Павлодарды қақ жарып,
Обь, Енисей өзендеріне құйып,
Ертіс Тынық Мұхитқа құяды.
(Солтанғазы Қайрақбайұлы)

ҚОРЫТЫНДЫ

Ұлан-ғайыр өңірдің тарихы сонау сан ғасырлардың алыс қойнауынан сыр шертеді. Алтай тауының ұшан-теңіз аумағын алып жатқан ежелгі түркі өркениетінің орталығы ата-бабаларымыздың талай замандардан бергі ерен ерлігінің даңқына бөленіп келеді. Табиғи қазба байлығымен, туристік тартымдылығымен, адами әлеуетімен аса құнды шығыс өңірінің ел дамуында алар орны ерекше.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Айдос, М.
Ақбауыр жұмбағы / М. Айдос // Ұлан. - 2012. - 20 наурыз (№ 11). - Б. 6.
2. Әбілхан, Серік.
Ақбауырдың алты мың жылдық тарихы бар / С. Әбілхан // Дидар. - 2010. - 3 желтоқсан (№148). - Б. 7.
3. Байбатыров, Ғалым.
Қиын керіш. Оны ғалымдар "Әлемнің сегізінші кереметі" дейді / Ғ. Байбатыров // Ана тілі. - 2012. - 5-11 сәуір (№14). - Б. 11.
4. Ғаламтор материалдары қолданылды.
5. Елімнің алтын алқасы = Золотое ожерелье страны: Шығыс Қазақстан Тәуелсіздіктің 20 жылында = Восточный Казахстан за 20 лет Независимости: фото-суретті кітап / ШҚО ішкі саясат басқармасы ; құраст. Е. Нұрғалиев ; ауд. Ж. Игісінов ; суретші А. А. Мазницын. - Өскемен : As T prime, 2011. - 368 б. : түрлі-түсті сурет.
6. Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі: орыс тілінен ауд. / құраст. Р. Н. Қырықпаева ; ауд. К. О. Исканова. - Өскемен : Bios, 2014. - 60 б. : суретті.
7. Қадылбекұлы, Әлімжан
Ақбауыр құпиялары әлі ашылған жоқ / Әлімжан Қадылбекұлы // Дидар. - 2010. - 17 шілде (№ 7). - Б. 5. - (Мәдени мұра).

8. Қазақстан қорықтары. 2-т. Марқакөл. Жер жәннаты - Жетісу / ред. С. Бөпетаева. - Алматы : Санат, 2007. - 472 б. - (Қазақстан қорықтары).
9. Молдамжаров, Сымбат.
Тас баған туралы аңыз көп / С. Молдамжаров // Дидар. - 2010. - 4 тамыз (№ 96). - Б. 3.
10. Назырбаев, Қ.
Катонқарағай / Қ. Назырбаев ; ред. С.Бақтыгерейұлы ; ҚР Байланыс және ақпарат м-гі. - Астана : Фолиант , 2011. - 280 б. : түрлі-түсті фотосурет. - (Менің Отаным – Қазақстан ; №8 шығарылым). – Библиогр.: 275-276 б.
11. Рысбаева, Г.
Балбал тастар / Г. Рысбаева // Жалын. - 2014. - №11. - Б. 47-49.
12. Тургунова, Алина.
"Рахман қайнарында" қандай ем алуға, қалай демалуға болады / А. Тургунова // Дидар. - 2009. - 3 тамыз (№124) . - Б. 6.

МАЗМҰНЫ:

I	Кіріспе	2
II	Негізгі бөлім	3
	1.Тарбағатай – Тәңір тау	6
	- «Кондюрин» заставасы	6
	- «Кұлбаның басы» немесе Құлбабас	7
	- «Бапанның шағыры»	8
	- «Көпсүйек» немесе «шайтан шатқалы»	8
	- Шығыс Қазақстанда төрт жүз жылдық алып бәйтерек бар	9
	2.Құт айдыным, байтағым, жазира жаға Жайсаңым...	10
	- «Күміс қоңыраулар көлі»	11
	3.Катонқарағай мемлекеттік табиғи паркінің құрылғанына 15 жыл	13
	4.Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығының ұйымдасқанына 40 жыл	14
	5. Зырян кентінің Зырян қаласы аталғанына 75 жыл	16
	6.Риддер қаласының іргетасы қаланғанына 230 жыл	17
	7.Табиғат таңғажайыбы	
	-Тарбағатай тауындағы балбал тастар	18
	8.Шығыс Қазақстан құндылықтары	
	-«Қиын керіш»	19
	-Берел қорымының кереметтері	21
	-Қозы Көрпеш – Баян сұлу кесенесі	23
	-Ақбауыр үңгірі	24
	-ТМД-дағы ең үлкен аспалы көпір	24
	-Мұзтау тауы	25
	-Рахманов Ыстық Көзі	26
	-Бұқтырма көлі	28
	-Австриялық жол	28
	9.Туған өлке әуендері	29
III.	Қорытынды	31
	Қолданылған әдебиеттер	32